

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Президент Шавкат Мирзияевтың төрағалығымен 9 сентябрь күні мектепке дейінгі және мектепте білім беру саласындағы реформаларды жүзеге асыру барысы мен алдағы басым міндеттерге арналған бейнеселектор жиналысы өтті.

Елдің болашағы, экономикалық дамуы ең алдымен білімді ұрпаққа байланысты. Осы мақсатта елімізде балабақшалар мен мектептер салу, заманауи оқу бағдарламаларын енгізу, білім сапасын арттыру бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда.

Мүғалімдердің айлық жалақысына 10-нан астам үстемеақы енгізілді. Бүгінде өз бетінше еңбек еткен 60 мыңнан астам ұстаз 10-12 миллион сум жалақы алады. Жаңа бағалау жүйесі бойынша оң нәтиже көрсеткен 300 мектептің бүкіл ұжымы 40 пайызға дейін үстемеақы алып отыр. Осы айдан бастап мектеп директорларының, балабақша меңгерушілерінің, олардың орынбасарларының жалақысы да 10 миллион сумнан асты.

Жыл басынан бері еліміздің ұл-қыздары халықаралық пән олимпиадаларында 195 медаль жеңіп алды. Шетелдік ұстаздар тартылған мыннан астам мектепте тіл сертификатын алған оқушылар саны бір жылда 2,5 есеге өсті.

Жиында саладағы реформаларды жалғастырып, білім беруді барлық саласына үлкен өзгерістер енгізу қажеттігі айтылды.

Биыл мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі орындардың санын 182 мыңға арттыру жоспарлануда. Оның 82 мыңы жаңа балабақшаларда болады. Қалған 100 мың орын ескі балабақшаларды жөндеу арқылы

және жеке сектордың қатысуымен ашылады.

Осы мақсатта мектепке дейінгі біліммен қамту 80 пайыздан төмен аудандар мен қалалардағы бос жерлер аукционға шығарылады. Оларда мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде балабақшалар салудың үш жылдық бағдарламасы әзірленеді. Мұндай мекемелерді субсидиялау және білім беру қызметкерлерінің жалақысын ішінара жабу тәртібі енгізіледі.

Жаңа ғимараттармен, жағдайлармен қатар балабақша қызметкерлерінің әлеуеті де сәйкесінше жоғары болуы керек. Жаз бойы 118 мың тәрбиеші білімін жетілдірді. Бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Мемлекеттік балабақшалардағы тәрбиешілердің 38 пайызы, жекеменшік балабақшалардағы тәрбиешілердің 24 пайызы жоғары білімді.

Сондықтан жаңа оқу жылынан бастап орта арнаулы білімі бар тәрбиешілер үшін 5 күн жұмыс істеп, 1 күн оқитын бакалавр білім алу формасы енгізіледі. Бұл балабақшаларға жыл сайын 10 мыңға жуық жоғары білімді маман қабылдауға мүмкіндік береді.

Келесі жылы әр облыста балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық шеберлігін арттыруға әдістемелік қолдау көрсететін “Жаңа ұрпақ” балабақшалары құрылады.

Жиналыста мектептегі білім беруге қатысты жағдайлар мәселесі қаралды.

Сонғы үш жылда дарынды оқушыларға арналған 201 мамандандырылған мектеп құрылды. Алайда оның 12-сінде құрылыс-жөндеу жұмыстары әлі аяқталмаған.

Шалғайдағы 74 мың оқушы мектепке бару үшін 5-7 шақырым жол жүреді. Қашқадария мен Сұрхандариядағы 100 мектепке тегін автобустар қойылды. Бұл қажеттілік басқа өңірлерде де насихатталуда.

Өткен жылдан бастап 1-сыныпта информатика сабағы енгізілді. Келесі оқу жылынан бастап жоғары сыныптарда жасанды интеллект сабақтары енгізіледі. Ол үшін 2 мың оқу кабинеті компьютерлермен және интербелсенді тақталармен жабдықталатыны айтылды.

Облыстарда дарынды жастарға жағдай жасау үшін ақпараттық технологияларға мамандандырылған Әл-Хорезми мектептерінің филиалдары, инженерлік бағыттағы Мырза Ұлықбек мектептері, жаратылыстану ғылымдары бойынша Ибн-Сина мектептері ашылады. Олар өңірлердегі техникалық жоғары оқу орындарына бекітіледі. Жаксы нәтиже көрсеткен түлектер 2-курсқа қабылданады.

Келесі жылы мектеп оқушылары арасындағы химия және информатикадан екі ең беделді халықаралық олимпиада Өзбекстанда алғаш рет өтеді.

Осыған байланысты міндеттер бойынша жауаптыларға тапсырмалар берілді.

Жиналыста жастар тәрбиесі мен жұмыспен қамту мәселелеріне баса назар аударылды.

Айтып өткендей, енді жас санаттарына қарай ұлттық білім беру моделі құрылатын болады. Бұл арқылы балалар заман талабына сай білікті маман, ұлттық құндылықтарға адал тұлға болып тәрбиеленеді.

Балалар контентін дамыту орталығы, Қори Ниязи атындағы Тәрбие педагогикасы Ұлттық институты апта сайынғы тақырыптар бойынша қызықты бейнероликтер жасайды. Олар “Ұлттық тәрбие” платформасына орналастырылады.

Жастардың қабілетін ашып, жан-жақты дамытуда мектептен тыс тәрбие мен спорттың маңызы зор. Сондықтан бұл жүйені жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың бос уақытын мазмұнды өткізу үшін Президент жарлығына қол қойылды.

Оған сәйкес, республикада, аумақтарда және аудандарда 219 “Баркамол авлод” мектебі, “Ешлик” спорт қоғамдары, Оқушы жастар орталығы және Өзбекстан балалар ұйымы негізінде “Келажак” орталықтары құрылады. Бұл орталықтар мектептермен байланысты жандандырып, оқушыларды техника, ғылым, мәдениет, өнер, кітап оқу, спорт және экология салаларындағы үйірмелерге тартады.

Осы мақсатта әрбір орта мектепте кеңесші лауазымы енгізіледі. Олар оқушылардың қабілеті мен қызығушылығына қарай тіл, кәсібі, инженерлік, шығармашылық, өнер және спорт үйірмелерін ұйымдастыратын болады. Бұл үйірмелер мен олимпиадаларда қол жеткізген нәтижелер бойынша жастардың “цифрлық портфолиосы” қалыптасып, электронды сертификатта көрсетіледі.

Мемлекет басшысы жастарымыздың кәсібі маман болып, тұрақты табыс табуына жағдай жасау — ең өзекті мәселе екенін қадап айтты.

Біздің елімізде 450 мың оқушыны қабылдай алатын 598 техникум бар. Дегенмен, жастардың оларға деген қызығушылығы мен мамандық табу көрсеткіші жоғары емес. Сондықтан Президент және мамандандырылған мектептер тәжірибесі негізінде барлық техникумдарға халықаралық стандартқа сай заманауи кәсіптік оқыту ортасын енгізу қажет екендігі баса айтылды.

Бұл жұмыстарды бірінғай саясат негізінде жүзеге асыру үшін Кәсіптік білім беру агенттігі құрылады. Енді инвесторлардың тапсырысымен техникалық оқу орындарында кадрлар мақсатты түрде оқытылатын болады. Техникумды дуальды оқытуды жолға қойған кәсіпорындарға жеңілдікті несиелер бөлінеді.

Сондай-ақ дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, кәсіптік оқыту семинарларын ұйымдастыру және шет тілдерін оқытуды кеңейту мәселелері талқыланды.

Жиналыста жауаптылармен және педагогтармен сұхбат болды.

ӨЗА

ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ҚАРАЛДЫ

Президент Шавкат Мирзияев ауыл шаруашылығында жер ресурстарын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстардың тұсаукесерімен танысты.

Сонғы бес жылда жер есебін жүргізудің жаңа жүйесі құрылып, қысқа мерзімде елдегі шамамен 45 миллион гектар жердің 42 миллион гектары, яғни 94 пайызы ауыл шаруашылығына арналған 26 миллион гектардан астам жердің 88,4 пайызы мемлекеттік тіркеуден өткізілді.

Тұсаукесер барысында бұрын азаматтар мен ұйымдардың пайдалануында болған және аудан әкімдіктерінің иелігіне қайтарылған бос жерлердің есебін бөлек жүргізу қажеттігі баса айтылды. Мұндай жерлерді қысқа мерзімде аукционға шығару үшін адамның араласуынсыз жұмыс істейтін жүйені құру тапсырылды.

Ауыл шаруашылығында жерді жалға беру құқығын базар активіне айналдыру, жерді қосалқы және қайталама жалға беру институттарын енгізу жұмыстары басталды.

Енді жалға алынған жерді ішінара қосалқы жалға беруге, яғни бір бөлігін өзіне қалдырып, қалғанын басқа жалға алушыға беруге де рұқсат етіледі. Бұрын ол үшін жерді мемлекетке қайтарып, қайтадан аукционға шығару керек болатын.

2021 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тек жалға беру құқығымен бөлінуде. Жиналыста 2027 жылдың 1 январына дейін ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің барлығын жалға беру құқына өткізу керектігі баса айтылды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қызмет көрсететін нысандарды — жеңіл салмақты тоназытқыш қоймаларды, сұрыптау және қадақтау қондырғыларын, су үнемдеу технологияларын, егістік сарайларды, техника паркін салуға рұқсат етіледі.

Ол үшін алдымен жерді игеру жобасы әзірленіп, бекітіледі. Бұл жоба құрылысқа рұқсат беру кезінде жер теліміне құқықты растайтын құжат ретінде қабылданады.

Бұл жаналық ауыл шаруашылығында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, бағбан өз бақшасының бір жағына жеміс сақтайтын орын салуға, ал малшы өз жайылымының бір бөлігіне мал бағатын және азыққа орын салуға мүмкіндік алады.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығындағы жалға беру қатынастарын одан әрі дамыту, жалға алушылардың құқығы мен мүддесін қорғау, салаға базар қатынастарын кенінен енгізу жөнінде тапсырмалар берді.

Тұсаукесер соңында аталған шараларды жүзеге асыру туралы қаулыға қол қойылып, заңнамалық құжаттарға тиісті түзетулер енгізілетіні анықталды.

ӨЗА

МӘДЕНИ МҰРА ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Бұхараны мәдениеттер, сауда жолдары, ғылым іздері тоғысқан жер деп сипаттасақ, артық айтқандық болмас. Бұл күндері Бұхарада заманауи өнер биенналесі өтуде.

Биеннале өтетін аумақ — Бұхараның көне медреселері, мешіттері мен керуен сарайлары, 14 мәдени мұра нысандары және бұрын жабылған көптеген ғимараттардың қалпына келтіріліп, жұртшылыққа ашылуы осы қарапайым өнер шарасын кеңірек үдеріске айналдырады. Бұл қала өміріне жаңа дем беріп, әлеммен қайта жалғайды.

“Алп мусала” инсталляциясы Бұхараның мыңжылдық мұнаралары мен шыңдарының арасында биік тұр. Бұл ислам әлеміндегі ғылым мен ойдың болжамды үйлесімділігінің рәмізі.

Бір уыс құрма мен тұтас құлпытастың осындай рәміздік мәні бар. Бұл инсталляция табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімділік құндылығына негізделген. Мұндағы әрбір бөлшек, әрбір бұрыш табиғи өнімдерден жасалған: құрма бұтақтарынан бағаналар, құрма жапырақтарынан қабырғалар. Талшықтары арқылы ежелгі араб аулаларына сілтеме жасайтын бұл инсталляция Ислам өнері биенналесінде алғаш рет ұсынылды.

— Біздің жобаның мәдени маңыздылығымен қатар тұрақтылық аспектісі өте маңызды, — дейді АКТ II Компаниясының басқарушы директоры Кристофер Блуст. — Мұндағы ағаш материалдары шын мәнінде құрма ағаштарының қалдықтарынан жасалған. Бүгінгі таңда әлемде 210 миллион құрма ағашы бар және әр ағаш жылына 23 келі қалдық шығарады. Нәтижесінде шаруалар әдетте 4,8 миллион тонна қалдықты жағады. Алғашқы зерттеулеріміз барысында біз Жидда қаласындағы жергілікті колөнер мен тарихи құрылыс әдістерін зерттедік. Осы үдерісте құрма ағашы

назарымызды аударды. Өйткені ол жергілікті тоқыма өнерімен тығыз байланысты. Екі жүз жыл бұрын құрма ағашы құрылыс материалы ретінде көп пайдаланылды. Кейінірек, жаһандануға байланысты оны пайдалану бірте-бірте тоқтатылды, өйткені Солтүстік Африка мен Скандинавиядан қатты ағаш импорттау оңайырақ болды. Біз бұл дәстүрді қайта жаңғырттық.

Бұл биеннале мәдени мұраны қалпына келтіруге, қазіргі ұрпақты шабыттандыруға және болашаққа тұрақты мәдени мұраны құруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

З.КОМИЛОВ,
ӨЗА-ның тілшісі.

ұрпақты шабыттандыруға және болашаққа тұрақты мәдени мұраны құруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

З.КОМИЛОВ,
ӨЗА-ның тілшісі.



ЕКІЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ МҰМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президенті Шавкат Мирзияев Финляндия Президенті Александр Стуббен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан мен Финляндия арасындағы, ең алдымен, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы көп қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері Финляндия Президентінің елімізге алдағы сапарына дайындық тұрғысынан жан-жақты қарастырылды.

Сындарлы саяси диалогтар мен парламентаралық алмасулар жалғасып жатқаны қанағаттанушылықпен атап өтілді. 2024 жылы тауар айналымы 24 пайызға өсті. 2022 жылдан бастап елімізде Финляндияның “Нордик” университеті табысты жұмыс істеп, мектептегі білім беруді дамыту жобалары жүзеге асырылуда.

Ауыл шаруашылығы, химия, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, телекоммуникация және басқа да инновациялық салаларда кооперация, оның ішінде білім беру жүйесіне озық технологияларды енгізуде ынтымақтастық орнату мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

Нақты жобаларды дайындау үшін Үкіметаралық комиссияның жиналысын және екі елдің жетекші компанияларының қатысуымен бизнес-форум өткізу ұсынылды.

Халықаралық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасылды. Келіспеушіліктерді халықаралық құқық негізінде бейбіт жолмен шешудің маңыздылығы атап өтілді.

ӨЗА

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

АҚШ Президенті жаңа Өзбекстанда жүзеге асырылып жатқан экономиканы жаңғыртуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған артқа қайтатын реформаларды жоғары бағалап, қолдайтынын білдірді. Америкалық және канадалық БАҚ Өзбекстан мен АҚШ басшыларының телефон арқылы сөйлескені туралы хабарлайды.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеев пен АҚШ Президенті Дональд Трамптың 5 сентябрьдегі телефон арқылы сөйлескенін америкалық және канадалық жетекші ақпарат құралдары кенінен жариялады.

Атап айтқанда, американдық басылымдар “Associated Press USA”, “American Business Times”, “NATO News”, “WTO News”, “IMF News Today”, “World Politics Report”, “Governmental Daily Review”, “Investor Worldreview”, “Global Politics Reporter”, “American Financial Tribune”, “American Financial Tribune”, “The Government Watch”, “The Government Watch”, “The Today”, “The Government Watch”, “American Times Reporter”, “US National Times”, “America News Observer”, “International World Times”, “American Business Times” және “One World Daily Brief” газеттері мемлекет басшыларының Өзбекстан-АҚШ стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтудың және өзара ынтымақтастықты кеңейтудің практикалық аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырганы туралы жазды. Мақалада АҚШ Президентінің Жаңа Өзбекстанда соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан экономиканы жаңғыртуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған артқа қайтпайтын реформаларды жоғары бағалап, қолдайтыны атап көрсетілді.

“Кездесу барысында басым секторлардағы іскерлік ынтымақтастық жобаларын ілгерілету және сауда көлемін айтарлықтай арттыру мәселелері де талқыланды”, — деп хабарлады ақпарат көздері. АҚШ-та БАҚ-тың хабарлауынша, соңғы жылдары өзара сауда көрсеткіштерінің тұрақты өсуі байқалады. 2024 жылы тауар айналымы 15 пайызға артып, келешегі зор ынтымақтастық жобаларының портфелі азаматтық авиацияны, маңызды минералдық ресурстарды, электр өнеркәсібін, энергетиканы, ауыл шаруашылығын, цифрлық технологияларды, қаржы секторын, инновацияларды, білім беруді және басқа да көптеген салаларды қамтыды.

Канаданың жетекші бұқаралық ақпарат құралдары да Өзбекстан мен АҚШ Президенттерінің телефон арқылы сөйлескенін кенінен жариялады. Мысалы, “Political Journal: Canada”, “Canadian Business Today”, “The Canada Finance Journal”, “News from Canada” және “Canada News Journal” басылымдары еңгіме барысында алдағы кездесулер талқыланғанын, осы айда АҚШ-тың жетекші компанияларымен және ұйымдарымен ұзақ мерзімді, сондай-ақ тұрақты серіктестік орнату үшін келіссөздер жүргізілетінін хабарлады.

“Өзбекстан мен АҚШ қауіпсіздік саласында, бірінші кезекте терроризмге, экстремизмге және заңсыз көші-қонға қарсы күресте тиімді ынтымақтастықта, мәдени-гуманитарлық алмасулар кеңейіп келеді, атап айтқанда, Ташкентте АҚШ-тың жетекші университеттерінің филиалдары табысты жұмыс істеуде”, — деп жазды канадалық БАҚ.

“Дүне” АА,
Вашингтон қаласы.

Депутат мінбері

ЖАСЫЛ БОЛАШАҚ ПЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА БЕТ АЛҒАН КҮШ

Биыл еліміз Тәуелсіздігінің отыз төрт жылдығын кеңінен атап өтудеміз. Өсіресе, соңғы сегіз жылда басталған реформалар мен оның алғашқы нәтижелерін табиғаттың “жаңару” құбылысымен салыстыруға болады. Қоғамның барлық саласы мен бөлігін қамтыған бұл жаңалықтарға әсер еткен “күш” – Президент Шавкат Мирзиязев.

Арал теңізіне өмір қайта оралды

Ғасыр қасіретіне айналған Арал теңізінің құрғауы бүкіл өңірде ауқымды әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларды туғызды. Шегініп бара жатқан теңіз ұлан-ғайыр Аралқұмды, тұзды, шанды желдерді қалдырды. Мұнда өмір сүру мүлдем қиындап, тіршілік атаулы жойылды. Ашығын айтқанда, мұндай қиын жағдайларды түзеп, өмірді қайта қалпына келтіреміз деп ол кезде ешкімді сөндіре алмас едік. Табиғаттың осы сынағына Президенттің мықты ерік-жігері төтеп берді. Жаһандық ысу мәселесі күшейіп, жауын-шашын азайып жатқан ғасырымызда Аралды құтқару мүлдем мүмкін болмаса да, мемлекет басшысы ғалымдарға, экологтарға, жалпы жұртшылыққа күтпеген жол көрсетті. Мұндай жағдайда қолда барды сақтау, апатты жағдайдың әсерін азайту, адамдардың өмірін жеңілдету ең дұрыс жол болды. Арал қасіреті осы уақытқа дейін үлкен алаңдарда айтылып келді. Сондай-ақ көптеген халықаралық ұйымдармен бірлесіп жобалар әзірленді. Дегенмен, бір нәрсені мойындау керек: тәжірибелік жұмыстар Арал теңізінде 2018 жылдың күзінде ғана басталды. Мемлекет басшысы Мойнаққа сапары барысында ғалымдармен кездесіп, ол жерге тұзға төзімді өсімдіктерді отырғызу міндетін қойды. “жасыл жамылғылар” — сексеуіл, қаражидек, қант қамысы сияқты шөлді өсімдіктерден тұратын Аралдың қорғаныш ормандарын құру қолға алынды. Тәуелсіздіктің алғашқы 30 жылында Аралдың түбіне 300-325 мың гектарға жуық орман отырғызыла, соңғы бес жылда Аралқұмда 2 миллион гектарға жуық алқапқа көшет егілді.

“Жасыл” экономика – болашаққа бастар жол

Соңғы кездері табиғи ресурстардың игерілуі немесе әлдебір өнеркәсіптің құрылуы экологияның нашарлауына, қоршаған ортаға зиянын тигізіп жатқанына бәріміз куәміз. Экономикалық дамудың даңғыл жолымен жүріп келе жатқанда, табиғатын мұндай келеңсіз әсерлері немесе қынырлығы кездескен кезде қандай шара қолданамыз?

Жоғары оқу орындарында

ЖАҢА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Соңғы жылдары елімізде білім беру жүйесін түбегейлі реформалау, оны заманауи халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру бағытында кең ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. Президентіміздің басшылығымен қабылданып жатқан қаулылар мен бағдарламалар, үкімет деңгейінде жасалып жатқан қолайлы жағдайлар мұғалім мамандығының беделі мен қоғамдағы рөлін арттыруға қызмет етуде.

Бүгінде педагогикалық білім беру саласы тек келер ұрпақты тәрбиелеу ғана емес, ел дамуының негізгі тірек бағандарының бірі ретінде мойында- луда. Осы үдерісте жоғары білім беру мекемелерінің алдында жана жауапкершіліктер пайда болуда: болашақ ұрпаққа заманауи білім берумен қатар, жас педагогтарды шығармашыл, бастамашыл және инновация- лық ойлайтын мамандар ретінде да- рялау талабы күн тәртібіне шықты. Бұл өз кезегінде “Болашақ мұғалімі” концепциясы секілді бастамалардың тәжірибеге енгізілуін қажет етуде. Бүгінгі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі енді тек қана білім беру- мен шектелмейді. Әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтары озық педагогикалық тұжырымдамаларды әзірлеуде: “life-long learning” (өмір бойы білім алу), “XXI ғасыр дағдылары”, “STEAM-білім беру” сияқты бағыттар оқу үдерісінің басты өлшеміне айналуда. Енді мұғалім оқушы санасына дайын білімді сіңіріуші емес, қайта дербес ойлау, мәселені шешу және инновациялық идеяларды дамытуға бағыттаушы

Президент көрегендікпен әрекет етті. Ол дүниенің қайда бара жатқа- нын, табиғаттың бізге не дайында- ғанын болжай білді. Жеті жыл бұрын ол БҰҰ мінберінен Өзбекстан эконо- микасының болашағы “жасыл” энергетикада, суды ұтымды пайда- лануда және қайта тіктелетін энергия көздерін дамытуда екенін айтқан болатын. Көп ұзамай басталған игі істер өз нәтижесін бере баста- ды.

2021 жылға қарай елімізде “жа- сыл” энергияның үлесі нөлге тең болса, екі жылдан кейін ол 16 пайыз- ға дейін өсті. Қысқа мерзімде 16 пайызға жету — аз ерлік емес. Бұл сандар Өзбекстанның қазіргі “жа- сыл” экономикасын анық көрсетеді. 2025 жылдың соңына дейін 12 күн және 4 жел электр станциясын, сон- дай-ақ 12 энергия сақтау жүйесін пайдалануға беру жоспарлануда.

Біздің елімізде электр энергия- сын өндірудің 86 пайызы жылу электр станцияларының үлесінде. Бұл жылу электр станциялары жы- лына 17 миллиард текше метр та- биғи газ тұтынады. Дегенмен, осын- шама газды қосымша құнды үдеріс- терге бағыттауға болады. Бұл өз ке- зегінде әлеуметтік мәселелерді ше- шуге мүмкіндік туғызады.

Соңғы жылдары елімізде қуатты- лығы 3,5 ГВт болатын 16 күн және жел электр станциясы, 160 МВт қуаттылығымен 5 су электр станция- сы, қуаттылығы 1,8 ГВт энергия жи- нақтау қуаттары іске қосылды. Бұл жана жұмыс орындарымен, кепілден- дірілген табыспен және халықтың әл- ауқатының артуымен қатар ауаның таза болуына септігін тигізуде.

Өткен жылдар ішінде бұл халық талай қиындықты бастан кешірді, талай сынақтан өтті. Ол жана Өзбек- стан ретінде қалыптасып, тұрақты даму жолына түсті. Енді біз ертеңгі күнмен өмір сүрмейтін, реформалар- дың жемісін дәл қазір көріп, рахат- танатын заманға жеттік. Біздің бүгінгі және болашақтағы өркендеуіміз — бәріміздің ең үлкен табысымыз және бақытымыз.

А.ХАМЗАЕВ, Олий Мажлис Заң шығару палатасындағы Өзбекстан экологиялық партиясы фракциясының жетекшісі.

АЛҒАШҚЫ ҰШАҚ ҚОНДЫ



Ынтымақтастық

СТАНДАРТ – САПАЛЫЛЫҚҚА СЕНІМ

Өзбекстан техникалық реттеу агенттігі құзырындағы Өзбекстан ғылыми сынақ және сапаны бақылау орталығының қызметінде өнімдердің сапалы болуын қамтамасыз ету, сынақ зертханаларының, сондай-ақ сынақ тәсілдерінің маңыздылығын арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Орталықта жалпы 608 қызметкер, соның ішінде 184 қыз-келіншек жұмыс жүргізеді. Оның құрамында 16 аумақтық филиал, 20 аккредиттелген зертхана, 6 өнімді сертификаттау кеңсесі және менеджмент жүйесін сертификаттау кеңсесі бар. 2025 жылдың бірінші жартысын- да сынақ зертханаларын дамыту мақсатында 9 миллиард сумдық 352 заманалық өлшеу құралы са- тып алынды. Осы кезенде 1105 сынақ көрсеткіші бойынша аккре- диттеу саласы кеңейтілді. Ферга- на филиалы әйнек өнімдері және автоәйнек бөлшектерін сынау бойынша ірі кәсіпорындармен ын- ымақтастық жолға қойды.Таш- кент сынақ зертханалары кешені “Техnopark” “AkfaGroup” компа- нияларымен ынтымақтастықта тұрмыстық және радиотарлар бо- йынша сынақтар кеңейтілді.

Жызақ филиалында полиэти- лен құбыр өнімдерін тексеру ба- ғыты жолға қойды. Наманган об- лыстық “Юксалиш” шағын өнеркә- сіп аймағында құрылыс, тоқыма, химия-полимер, электротехника және мебель өнімдері бойынша за- маналық зертхана ұйымдастыру жұмыстары басталды.

Акустикалық зертхана ұйымдас- тыру бойынша Чехияның “Exporta s.r.o” компаниясымен келісімшарт жасалды. Автокөлік құралдарының тұрақтылығын анықтайтын сынақ стендін енгізді. Электромагниттік сәйкестік үшін қондырғылар сатып

алу үдерісі жолға қойылды.

2025 жылдың жартыжылдығын- да жалпы құны 60 мың доллардан астам тоназытқыш пен мұздатқыш- тар өлшемдік талаптарына жауап бермегендіктен жарамсыз деп та- нылды. 191 лифт және эскалатор тексеріліп, 4 түрдегі лифт стан- дартқа сәйкессіз деп танылды.

Халықаралық ынтымақтастық бағытында Қытайдың “CAERI” СТС компанияларымен ынтымақ- тастық меморандумы жасалды. Ресейдегі бірқатар метрология және сынақ орталықтарымен ын- ымақтастық жолға қойылды. Бұдан тыс, Чехия Республикасын- да “Conformity Assessment Center” ЖШҚ-ның филиалы ашылды. Ал кадрлардың әлеуеті бойынша биыл 380 қызметкер білімін жетіл- дірді. Олардың арасында Қытай, Түркия және Еуропада білім жетіл- діргендері де бар.

Алдағы жоспарлар туралы айт- қанда, Өзбекстан ғылыми-сынақ және сапа бақылауы орталығы 2025 жылдың бірінші жартыжыл- дығында бірқатар ірі жобалар мен халықаралық ынтымақтастық жо- баларын жүзеге асырады.

Жыл соңына дейін сынақ зерт- ханаларын одан әрі дамыту, сәйкессіз өнімдерді бақылауды күшейту және ұлттық өнімдердің Еуропа базарларына шығын қамту үстем міндет ретінде белгі- ленді.

Арухан ОСПАНҚЫЗЫ

Жызақ облысының Арнасай ауданында құрылған заманауи әуежайға алғаш рет “L-410UVP-E20” маркадағы ұшақ қонды. Ұшу сынағы ретінде әуежайдың техникалық мүмкіндіктері сыналғаны атап өтілді. Шараны аудан әкімі Одил Мусанов өзі бақылап, әуежайдың туризм, инвестиция және экономиканың дамуының жаңа драйверіне айналатынын баса айтты. Әуежай толық іске қосылғаннан кейін ол ішкі ғана емес, халықаралық туристік ағындарды да қабылдайды деп күтілуде. Бұл жұмыс орындарын құруға, шағын кәсіпкерлікті дамытуға және

қызмет көрсету саласындағы белсенділікті арттыруға ықпал етеді. Жаңа әуежайдың іске түсуімен-ақ Арнасай Жызақ облысының ғана емес, республикалық деңгейдегі стратегиялық туристік бағытқа айналады деп күтілуде. Бұл аймақтың халықаралық аренадағы беделін арттырып, ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Жергілікті халық ұшақтың қонғанын қуанышпен қарсы алды. Бұл оқиға Арнасайдың дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқанын аңғартты.

(Өз тілшімізден.)



Мерекелік тарту

СПОРТЗАЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің 34 жылдығына орай Нұрата ауданындағы “Сувлик” махалласы аумағындағы №24 орта білім беру мектебінде заманалық спорт залы пайдалануға берілді.

Жеңіл конструкциялы, 12х24 метр өлшемдегі бұл ғимарат бар- лық қолайлылыққа ие болып, оқушы-жастардың спортпен тұрақ- ты шұғылдануына, салауатты өмір салтын кенінен насихаттауға және олардың арасынан дарынды спорт- шыларды тәрбиелеуге маңызды фактор болып қызмет етеді.

Ашылу салтанатына аудан әкімі Азамат Файзиев, ауыл әксақалда- ры, жастар және қалын жұртшы- лық өкілдері қатысты. Шарара сөз алған аудан әкімі махалла тұрғын- дарын Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтап, елімізде және ауданда жүзеге асырылып жатқан жасампаз істерге, спорт саласына көңіл бөлініп жатқаны- на төкталды.

Сондай-ақ қонақтар мектепте жасалған жағдайлармен, оқу бөлмелері мен заманауи жабдық-



талған спорт залында оқушылар- ға жасалған мүмкіндіктермен жа- қынырақ танысты.

Бұл спорт залының пайдала- нуға берілуі Нұрата жастары үшін салауатты өмір салтын қалыптас- тыру, спортқа деген қызығушы- лықты арттыру және еліміздің спорттық әлеуетін одан әрі арт- тыру жолындағы маңызды қадам болды.

Г.НАРЫНБЕТОВА, Науаи облысы, Нұрата ауданы.

би деңгейі жана сатыға көтерілуде.

Елімізде білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалардың нақты көрінісін Шыршық мемлекет- тік педагогикалық университеті мы- салында айқын көруге болады. Бұл орданың қолға алған “Болашақ мұға- лімі” концепциясы тек заманауи бі- лім талаптарына сай маман даярлау емес, тұтас педагогикалық мектепті жана деңгейге шығару міндетін өз ал- дына қойған. Концепция аясында:

Инновациялық білім беру техноло- гиялары — жасанды интеллектті пай- далану, цифрлық білім платформала- рын қолдану және қашықтан оқыту әдістерін сынақтан өткізу жолға қой- ылған.

Интегративті көзқарас — педаго- гика, психология, ақпараттық техно- логиялар және шет тілдерін үштас- тыру арқылы болашақ мұғалімдердің көпқырлы білім мен дағдыларға ие болуы қамтамасыз етілуде.

Зерттеу және стартап ортасы — студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибелік жобаларға қатысып, өз педагогикалық стартап- тарын жасау мүмкіндігіне ие.

Жеке даму — студенттердің ком- муникативтік шеберлігін, көшбасшы- лық қасиеттерін және ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде.

Бүгінгі жаһандану мен цифрлық трансформация үдерісінде білім беру жүйесінің барлық буындары жанарты- луда. Әсіресе, дене шынықтыру және спорт саласында болашақ ұрпақты салауатты, кемел тұлға етіп тәрбие- леуде мұғалімнің рөлі үлкен. Зама- науи дене тәрбиесі мұғалімі тек сабақ

үдерісін тиімді ұйымдастыра білуімен шектелмей, жастардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыруда, оларды физиологиялық әрі рухани тұрғыдан жетілген адам етіп тәрбие- леуде көшбасшы болуы талап еті- леді. Сол себепті біз ұсынып отыр- ған модельде болашақ дене шынық- тыру пәні мұғалімінің келбеті жасал- ды және онда төмендегі негізгі сипаттарға айрықша назар аударылды. Кәсіби құзыреттер:

Пән бойынша терең білім — адам анатомиясы мен физиологиясын, спорт теориясын, дене жаттығулары әдістемесін, спорт психологиясын, салауатты тамақтанудың негіздерін жетік білу. Спорт түрлері бойынша біліктілік — жеңіл атлетика, гимнас- тика, футбол, баскетбол, жүзу және басқа негізгі спорт түрлері бойынша теориялық және практикалық дайын- дыққа ие болу. Салауатты өмір сал- тын насихаттау — жастар арасында дене белсенділігі мен денсаулық мәдениетін қалыптастыру.

Спорт медицинасын білу — жара- қаттардың алдын алу, жедел көмек көрсету және оңалту әдістерін мең- геру.

Педагогикалық шеберлік: Интербелсенді сабақ әдістері — командалық ойындар, эстафета жа- рыстары, интербелсенді жаттығулар арқылы оқушыларды белсенді тарту. Мотивация беру дағдысы — оқушы- ларда спортқа қызығушылық ояту, бәсекеге қабілеттілікті оң қалыптас- тыру. Жеке көзқарас — оқушылардың физиологиялық дайындығы, денсау- лығы және қызығушылық деңгейіне сәйкес бағдарлама құру. Бағалаудың

заманауи әдістері — тек нәтижені ғана емес, қимыл сапасын, еңбек тәртібін де ескеру.

Цифрлық сауаттылық:

Спорт технологияларын пайдала- ну — фитнес-трекерлер, мобильді денсаулық қосымшалары, бейне-тал- дау бағдарламалары арқылы жатты- ғуларды талдау.

Онлайн сабақтар мен семинарлар — спорт теориясын бойынша қашық- тан білім беру, онлайн бейне-жатты- ғулар дайындау. Цифрлық статисти- ка және мониторинг — оқушылардың физикалық көрсеткіштерін электрон- ды түрде жүргізу және талдау. Вир- туалды спорт зертханалары — 3D мо- дельдер, симуляторлар арқылы ана- томия мен техника талдауын үйрету.

Шығармашылық пен көшбасшы- лық:

Жана оқу бағдарламаларын жасау — дене тәрбиесін ұлттық ойындар, за- мануаи спорт түрлері және инновациялық жаттығулармен байыту. Спорттық іс-шараларды ұйымдасты- ру — мектептердегі жарыстар, сала- уатты өмір салты апталықтары, спорт фестивалдері. Ұлттық спорт түрле- рін насихаттау — күрес, көкпар, ұлттық жеңіл атлетика элементтерін сабақтарға енгізу. Ұжымдық рух қалыптастыру — спорт арқылы ынты- мақ, көшбасшылық және өзара құрметті дамыту.

Жеке қасиеттер: Физиологиялық дайындық пен жеке үлгі — мұғалім салауатты өмір салтының нақты үлгісіне айналуы. Тәртіп пен жігер — өзіне жұмыс істей білу, табандылық пен сабырлылық- ты тәрбиелеу.

Қарым-қатынас мәдениеті — оқушылар, ата-аналар және әріптес- термен сауатты, конструктивті қарым-қатынас жүргізу. Үздiксiз даму — жана спорттық әдістемелерді, ха- лықаралық тәжірибелерді меңгеру, біліктілікті арттыру курстарына қаты- су.

Осы жылдың өткен август айында университетте жүзеге асырылып жатқан бастама аясында жиырмадан астам кафедра өз бағыты мен маман- дықтарына сүйене отырып, “Болашақ мұғалімінің келбеті” жобасына арнал- ған тәжірибелік семинарлар өткізді. Бұл үдеріс оларға тек тәжірибе алма- су ғана емес, сонымен бірге заманауи педагогикалық бағыттарды қол- дауға да мүмкіндік берді.

Ректор Гофуржон Мұхаммедовтың жетекшілігімен жолға қойылған бұл жоба алдағы жылдары өз нәтижесін беретініне сеніміміз мол. Себебі аталған бастама еліміздің білім беру жүйесінің заманауи талаптарға сай дамуына қызмет етіп қана қоймай, ха- лықаралық аланда да өз маңызын жоғалтпайды.

Қорытындылай айтқанда, болашақ дене шынықтыру мұғалімі заманауи білім мен технологияларды терең меңгерген, педагогикалық шеберлігі арқылы жастарды спортқа тарта ала- тын, салауатты өмір салтының жеке үлгісі болуы қажет. Ол тек оқушылар- дың физиологиялық дайындығын арттырып қана қоймай, олардың жі- герін, тәртібін, ынтымағы мен көшбасшылық қасиеттерін де қалып- тастырады. Осындай маман жас ұрпақты салауатты, белсенді әрі ру- хани жетілген тұлға етіп тәрбиелеу- ге қызмет етеді.

Ихтияр АШИРБОВЕВ, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті Спорт ойындары және оны оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушысы.

Ынтымақтастық

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАҒЫТТАЛДЫ

Заманалық азық-түлік қауіпсіздігін басқару бойынша тәжірибе алмасу мақсатында жуырда тиісті министрлік пен кеңсе өкілдерінен құралған Өзбекстан Республикасы делегациясы Өзербайжанға іссапармен барды. Іссапар БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) Өзбекстандағы өкілеттігінің көмегімен ұйымдастырылды.

Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құзырындағы Санитариялық-эпидемиологиялық тыныштық және қоғам денсаулығы комитеті төрағасының бірінші орынбасары Н.Атабековтың басшылығындағы делегацияны Өзербайжан Азық-түлік өнімдері қауіпсіздігі агенттігінде (AFSA) қабылдады. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтас-

тық болашағы талқыланды, сондай-ақ азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қорғау және ветеринариялық салаларда өзара тәжірибе алмасты. АФСА төрайымының орынбасары З.Мустафоеваның айтуынша, соңғы жылдары Өзербайжан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастар, өзара іссапарлар, қол қойылған келісімдер мен қосымша бастама-

лар арқылы дәйекті түрде да-муда.

Өзбекстан делегациясына Өзербайжан азық-түлік қауіпсіздігі заңдылығын жетілдіру, қауіп-катерге негізделген тексеру механизмдері, дағдарысты жағдайларды басқару жүйелері және жедел ескерту механизмдерінің енгізілуі туралы толыққанды мәліметтер берілді.

Сондай-ақ тұсаукесерлерде бақылау және инспекция тәртібі, атап айтқанда, НАССР (Қауіптерді талқылау және бақылаудың маңызды нүктелері) жүйесінің қолданылуы, азық-түлік өнімдерін импорттау және экспорттау талаптары, жаңа өнім түрлері, азық-түлік қосымшалары, ветеринариялық дәрілік құралдарымен бірге азық-тық қосымшаларын тіркеуге алу тәртібі, ұлттық цифрлы жүйе — AQTIS (Автоматтандырылған

азық-түлік қауіпсіздігі ақпарат жүйесі) қызметі, жұртшылықпен байланыс, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану және ақпарат материалдарын дайындау сынды мәселелерге баса назар аударылды.

Іссапар басрысында Өзербайжан Азық-түлік қауіпсіздігі институтында (AFSA) кездесу өткізіліп, сондай-ақ шекаралық бақылау пункттері мен зертханаларында болды. Бұл үдеріс өзбекстандық мамандарға азық-түлік импорты мен экспорты бақылауында “бірегей айна” моделінің практикасын үйрену мүмкіндігін берді. Оқу үйрену сапары Өзбекстан институттарына реформалау, зертханаларын нығайту, сондай-ақ мүдделі жактарды азық-түлік қауіпсіздігі саласына кетінен жұмылдыру бойынша тәжірибелерді үйрену мүмкіндігін береді.

Делегацияның құрамында Денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы министрліктері, Ветеринария комитеті, Өсімдіктер карантині және қорғау агенттігі, Мемлекеттік кеден комитеті, Есеп беру палатасы, сондай-ақ Президент құзырындағы Стратегиялық реформалар агенттігінің басшы қызметкерлері бар. Бастама ФАО тарапынан Өзбекстанда азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін басқаруды күшейту және сауданы жеңілдетіу бағытындағы үздіксіз қолдап-қуаттаудың логикалық жалғасы саналады.

Жалпы, Өзербайжан тәжірибесін үйрену арқылы тұтынушыларды қорғау, қауіпсіз және сапалы азық-түлік өнімдеріне ие болу мүмкіндігін беру, сондай-ақ халықаралық базарда бәсекеге төзімділікті арттыру жолында маңызды қадам тас-талуда.



“Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін”

ЖЕТІСТІКТЕР ЖАЛҒАСА БЕРСІН

Тәуелсіздіктің 34 жылдығына орай, Алмалық кен-металлургия комбинатында “Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін!” жалпыұлттық ынтымақтастық фестивалі “Жаңа кезең үшін, жаңа Өзбекстан үшін!” байқауы және гандбол бойынша халықаралық турнир жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Бастапқыда көрермендерге 3-Мысты байыту фабрикасы туралы “Артқа қайтпайтын реформалар” атты бейне-фильм ұсынылды. Содан соң Алмалық кен-металлургия комбинаты акционерлік қоғамының басқару төрағасы А.Хурсанов баршаны тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, комбинатта атқарылып жатқан инвестициялық жобалардың еліміздің өркеніетін қомақты үлес қосудың тілге тиек етті.

Бұрын хабарлағанымыздай, жуырда ғана Баку қаласында Өзербайжан елінің жетекшісі Гейдар Алиевтың жадына арналған гандбол бойынша ерлер арасындағы халықаралық турнирге қатысқан Алмалық кен-металлургия комбинатының командалары жеңіске жетті. Соған орай, командалары жаттықтырушылары мен мүшелеріне бағалы сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар шарада Өзбекстан Республикасы Тәуелсіздігінің 34 жылдығына орай, комбинатта өткізілген “Отан үшін, ұлт үшін, халық үшін!” жалпыұлттық ынтымақтастық фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Атап айтқанда, Қалмаққыр кен басқармасы және Жылу электр орталығының ұжымдары бірінші орынға ие болды. Мырыш зауыты мен Электр тармақтары басқармасы, сондай-ақ Орталық қайта жөндеу механика зауытының ұжымдары екінші орынға лайықты деп табылды. Ал Өндірістікті автоматтандыру және “Ешлік 1” кенінің еңбек ұжымдары үшінші орынға қол жеткізді.

Шарада “Жаңа кезең үшін, жаңа Өзбекстан үшін!” байқауының жеңімпаздары да бағалы сыйлықтармен ынталандырылды. Соның ішінде поэзия жанрында жеңімпаздықты Өзбекстан Жазушылар бірлестігінің мүшесі, ақын және публицист А.Баймұрод иемденді. Мақалалар бағытында Өнеркәсіп теміржол транспорты басқармасы 2-теміржол цехының бақылаушысы Б.Бобояров жеңімпаздыққа қол жеткізді.

Байқау жеңімпаздары көрермендерге өздерінің шығармашылық үлгілерін ұсынды. Шара барысында мәдениет сарайы шығармашылық топтарының концерттік қойылымдары, орындаған ән-күйлері мен билері көптің көңілінен шықты.

Мәдениет

МҰРАЖАЙЛАР АПТАЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Министрлер Кабинетінің “Өзбекстан Республикасының “Мұражайлар туралы” Заңын жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік-құқықтық құжаттарды бекіту туралы” қаулысына орай, жыл сайын елімізде “Мұражай апталығы” ұйымдастырылып келеді.

Әр жылғы дәстүрге орай, үстіміздегі жылы да Мәдени мұра агенттігінің мұражай және мұражай-қорықтарында “Мұражай апталығы” өтуде. Осы апталық барысында Агенттік жүйесіндегі жалпы 114 мемлекеттік мұражай және мұражай-қорықтарына баратындар үшін ақысыз кіру мүмкіндігі бар.

“Мұражайлар апталығы” барысында отандастарымыз ұлттық мұражай қорында сақтаулы тұрған сирек кездесетін бұйымдармен және қымбат бағалы коллекцияларды тамашалап, еліміздің бай тарихи және мәдени мұрасымен таныс болуда. Қорыта айтқанда, елімізде жылдан-жылға ішкі туризм әлеуеті және шетелдік саяхатшылар санының артуы республикамыз тарихы мен мәдени мұрасының тартымдылығын айқындайды.

Беттің материалдарын “Нұрлы жолдың” тілшісі Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА дайындады.



Жеңіл өнеркәсіп

ҰЛТТЫҚ БРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

Өзбекстанның тоқымашылық өнеркәсібі әлем базарында барған сайын өз беделін нығайтуда. Бұл үдерісте елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан “TextileExpo Uzbekistan” көрмесінің маңызы зор.

2004 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан маңызы зор көрме биыл 25 жылдық мерейтойын атап өтуде. Онда тоқымашылық және жеңіл өнеркәсіптің бүкіл тізбегі: жіп және матадан бастап дайын өнімге, аксессуарлардан логистика және IT шешімдеріне дейін ұсынылды.

Көрме жобасының директоры А.Алимованың айтуынша, 2009 жылы алғаш рет енгізілген “байерлік бағдарламасы” жергілікті өндірісшілер үшін әлем базарының есіктерін ашады.

— Өткен 16 жылдың ішінде Ресей, Беларусь, Тәжікстан, Қазақстан, Өзербайжан, Румыния, Польша сынды елдерден екі мыңнан астам ірі тұтынушы қатысты, — дейді А.Алимова. — Сол арқылы көрме ұлттық бренд ретінде өз орнын нығайтып отырды, жаңа трендтер пайда болды. 2009 жылдан бастап “TextileExpo Uzbekistan” жылына бір рет: көктем және күз айларында өткізіле бастады. Сондықтан еліміз бүгінде ондаған мемлекетке тоқымашылық өнімдерін экспорттауда және жаһандық базарда өзінің беделін нығайтуда.

Бүгінге дейін көрмеге 40-тан астам мемлекет 3 мың 500-ден астам компания қатысты, сондай-ақ 120 мыңнан астам маман келген. Бұның өзі көрменің беделінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Біз үшін негізгісі, көрменің нәтижесінде өндірісшілер жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, жаңа базарларға шығады. Мемлекеттің көмегі және көрменің мүмкіндіктері себепті саланың әрі қарай дамуына сенімдіміз. Біз әріптестермен бірге бүкіл тоқымашылық өнеркәсібінің дамуына үлес қосып жатқанымызға қуаныштымыз.

Айта кетерлік жайт, “TextileExpo Uzbekistan” тек ұлттық бренд қана емес, әлем базарындағы Өзбекстанның тоқымашылық әлеуетін ашып беретін күшті драйвер ретінде де өзін толыққанды көрсетуде.

Экология және біз

БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ

Бүгінде тұрғындардың, әсіресе жастардың экологиялық білімі мен мәдениетін жетілдіруге баса назар аударылуда.

Бұл орайда “2030 жылға дейінгі кезеңде тұрғындардың экологиялық мәдениетін жетілдіру концепциясында” білім беру мекемелеріндегі жастардан бастап, 90 пайыз мемлекеттік орган, кәсіпорны және мекеме қызметкерлерінің, тұрғындардың экологиялық мәдениетін жоғарылатуға тиісті бірқатар міндеттер белгіленді. Қоғамда жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру бо-

йынша түсіндіру-насихат істерін жүргізу қажеттігі концепцияда көрініс тапты.

Өзбекстан Экологиялық партиясы аталмыш концепция аясындағы міндеттерге орай, бірқатар жұмыстарды атқаруда. Атап айтқанда, партияның бастамасымен жастардың арасында экологиялық білім мен сауаттылығын арттыру, ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, сондай-ақ дарынды

жастарды ынталандыру мақсатында “Эко Интеллект” турнирі ұйымдастырылды.

Шараға еліміздің беделді жоғары оқу орындарынан және жастар ұйымдарынан құрылған топтар қатысты. Соның ішінде Ташкент химия-технология институтының “Жас химиктер”, Самарканд мемлекеттік ветеринария медицинасы, шаруашылық және биотехнологиялар университеті Ташкент филиалының “Lucky team”, Ташкент мемлекеттік аграрлық университетінің “Agrar junior”, сондай-ақ Республикалық жас ғалымдар Кеңесінің “Ұлт ғалымдары”



топтары турнирде өздерінің білімі мен әлеуетін көрсетті.

Сайыс барысында қатысушылар экология саласындағы маңызды мәселелер бойынша сұрақтарға жауаптар беріп, мәселелерге шешім ұсыну, топпен бірге пікірлеу және жедел шешім қабылдау бойынша шеберліктерін көрсетті.

Шара соңында қатысушылар партия Орталық Кеңесінің ғимараты, сондай-ақ партия тарапынан жүзеге асырылып жатқан экологиялық жобалармен танысты. Мұндай шараларды жаңа оқу жылы барысында да ауқымды түрде, республикалық деңгейде өткізуге келісілді.

